

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕКТЕПKE ДЕЙИНГІ ЖӘНЕ МЕКТЕПTE БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ
ҚҰЗЫРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒАЛАУ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША ҮМІТКЕРЛЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ
НЕГІЗІНДЕ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ СЫНАҒЫНДА
ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ
СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ҮМІТКЕРЛЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ НЕГІЗІНДЕ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ СЫНАҒЫ ҮШІН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Бұл спецификация Бастауыш білім беру бағыты бойынша педагогтарды жұмысқа қабылдау сынағында пайдаланылатын тест тапсырмаларының мазмұны, пішімі, түрі, құрылымы, бағалау өлшемі және өткізілу тәртібіне қойылған талаптарды белгілейді.

I. Жалпылама қағидаттар

Бағалаудың негізгі мақсаты – Бастауыш білім беру мұғалімдерінің пән бойынша теориялық білімдерін, практикалық дағдыларын, зертханалық жұмыстарды ұйымдастырудағы компетенцияларын, Бастауыш білім беру бағытында оқыту әдістемесі бойынша білімдерін, педагогикалық шеберлік пен кәсіби компетенцияларын кешенді бағалау. Бағалау нәтижелері педагог кадрларды кәсіби сертификаттау үдерісінде шешім қабылдауға негіз болып табылады.

II. Нормативтік негіздер

1. Өзбекстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрінің 2026 жылғы 15 июндегі “Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігі жүйесіндегі мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары және жалпы орта білім беру мекемелері қызметкерлерін конкурстық іріктеу негізінде жұмысқа қабылдау іс-шаралары туралы” 203-санды бұйрығы.

III. Бағалу ауқымы

Бастауыш білім беру пәні бойынша 40 дана тест тапсырмасы ұсынылады және оларды орындауға 60 минут уақыт беріледі. Тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты талап ететін (Y1), сәйкестендіруді қажет ететін (Y2) және реттілікті талап ететін (Y3) жабық түрдегі тапсырмалардан пайдаланылады. Тест тапсырмаларының мазмұндық аймағы және бағаланатын білім мен дағды бойынша бөлінуі төмендегі кестеде көрсетілген:

**Мамандық пәндерінен құрастырылатын тест тапсырмаларының
салалық мазмұны мен бағаланатын білім және дағдылары бойынша
бөлінуі**

1-кесте

Сала мазмұны	Бағаланатын конструкторлар	Тестте р саны
1. Оқу сауаттылығы		
1.1. Мәтінді оқып түсіну және логикалық талдау	- Ғылыми және көркем мәтіндерден негізгі идеялар мен деректерді анықтау; - Шығарманы логикалық тұрғыдан талдап, қорытынды жасау; - Шығарманың тақырыбын, кейіпкерлерін және стилистикалық тәсілдерін анықтау.	3
1.2. Халық ауыз әдебиеті	– Ауызша фольклор үлгілерін мазмұны, идеясы және формасы тұрғысынан талдау;	1
1.3. Әдеби жанрлар. Әдеби тәсілдер	- Әдебиет теориясы бойынша білімді қолдану; - Жанрлық ерекшеліктер мен әдеби құралдарды анықтау және ажырату;	2
1.4. Қазақ және әлемдік балалар әдебиеті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығы	- Әдеби салыстыру – қазақ және әлем әдебиеті, сондай-ақ заманауи авторлар шығармаларының мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін анықтау; - Кейіпкерлер мен оқиғаларды талдау; - Мәтіндегі кезеңдік үйлесімділік, хронология және оқиғалар тізбегі;	3
2. Ана тілі		
2.1. Сөйлеу дыбыстары, орфография, фонетикалық құбылыстар.	- Фонетикалық және орфографиялық – дыбыстарды талдау; - Емле ережелерін тәжірибеде қолдану, фонетикалық құбылыстарды ажырату;	2
2.2. Тура және ауыспалы мағына, омоним, пароним, синоним, антоним, идиома	- Сөздердің лексикалық мағыналары; тура және ауыспалы мағыналарды ажырату; - Сөздердің формасы мен мағынасы арасындағы байланыс негізінде олардың түрлерін анықтау; идиомалар мен бейнелі сөздердің мағынасын талдау;	2
2.3. Түбірлер мен қосымшалар. Қосымшалардың жіктелуі.	- Сөз құрылымын талдау және сөздерді мағыналы бөліктерге бөле алу.	2

	- Сөз тудырушы, лексикалық және сөз өзгертуші жұрнақтардың қызметін анықтау және оларды сөйлеу барысында дұрыс қолдану;	
2.4. Дербес сөз таптары. Көмекші сөз таптары. Жалаң, жайылма сөздер.	- Дербес сөз таптары. Көмекші сөз таптары. - Олардың түрлерін талдау, омонимия мен синонимияны ажырату және қарапайым туынды сөздерді анықтау. - Грамматикалық бірліктерді морфологиялық талдау - Грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сөздің дербес және көмекші бөліктерін ажырату;	4
2.5. Тыныс белгілері	- Тыныс белгілерінің түрлерін және оларды қолдану ережелерін білу; тыныс белгілерінің сөйлемдегі мағына мен интонацияға әсерін түсіну; және жазбаша қарым-қатынаста тыныс белгілерін дұрыс және орынды қолдану.	1
2.6. Сөз тіркесі, сөйлем, сөйлем мүшелері.	- Синтаксистік құрылымды — сөйлемнің құрамын, байланыс түрлерін және сөйлемнің басқа бөліктерімен өзара байланысқа түспейтін элементтердің сөйлемдегі маңызын — талдау.	1
3. Математика		
3.1. Натурал сандар. Бөлшектер. Ондық бөлшектер.	- Натурал сандарды, бүтін сандарды және бөлшектерді ажырата алу; - Цифрлардың орын құнын түсіну; - Бүтін сандар мен бөлшектерді ажырату; сандарды реттеу; бөлшектер мен бүтін сандарды салыстыру; - Берілген санды рим цифрларымен жазу;	4
3.2. Амалдар және алгебралық пайымдау	- Айнымалыларды және алгебралық өрнектерді анықтау; - Теңдеулер мен теңсіздіктерді құрастыра алу; - Қарапайым алгебралық өрнектерді логикалық түрде жеңілдете білу; - Алгебралық пайымдауларды талдау қабілеті;	4
3.3. Геометрия және өлшемдер	- Геометриялық пішіндер мен олардың ерекшеліктерін білу, пішін мен өлшемдер арасындағы байланыстылықты түсіну, берілген өлшемдер негізінде геометриялық мысалдарды шешу; - Өлшеу нәтижелерін кесте, диаграмма немесе сызба түрінде көрсету; өлшеу нәтижелерін салыстыру;	2

3.4. Ықтималдық теориясы және мәліметтермен істеу	Оқиғаның ықтималдығын түсіну; әртүрлі деректер жиынтығы мен ықтималдық нәтижелерін салыстыру; Әртүрлі форматтағы (кестелер, диаграммалар, графиктер) деректерді оқи алу және статистикалық көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтарды түсіну;	2
4. Табиғи пәндер		
4.1. Жер беті, табиғи аймақтар, климат, ландшафт, табиғи ресурстар	- Құрлықтар мен мұхиттар, негізгі теңіздер. Табиғи жер бедері: таулар, далалар, аңғарлар, шөлдер. Су ресурстары: өзендерді, көлдерді және жер асты суларын анықтау. - Табиғи аймақтардың өзіне сай ерекшеліктері: климат, флора және фауна әлемін түсіну; Ландшафтты қалыптастыратын табиғи процестерді түсіну; минералды ресурстарды ажырату.	2
4.2. Өмірлік жүйелер және ағзалар	- Организмдер мен экожүйелердің негізгі сипаттамаларын анықтау; экологиялық орта мен адам әрекеті арасындағы байланысты түсіну; биологиялық қағидаттарға негізделген салауатты өмір салтына қатысты шешімдерді бағалау; - Өсімдік және жануар ағзаларының негізгі бөліктерін атай алу; тірі ағзалардың жіктелуін іс жүзінде қолдану;	2
4.3. Физикалық қасиеттер. Энергия. Жарық. Қозғалыс. Күш.	- Табиғи құбылыстардың пайда болуына себеп болатын факторларды түсіндіреді. Берілген нысандарды физикалық қасиеттеріне қарай жіктеу; табиғи құбылыстар мен үдерістердің негізгі ұғымдарын, сондай-ақ табиғи материя мен энергияның қасиеттерін анықтау; құбылыстар мен үдерістерді түсіну.	1
5. Тәрбие		
5.1. Жеке тәрбие және ақылақтық құндылықтар.	- Ұлттық және жалпыадамилық құндылықтардың маңызын білу; дұрыс және қате іс-әрекеттерді ажырата алу;	1
5.2. Әлеуметтік және азаматтық тәрбие.	- Азаматтық сезімі мен қатыстылық ұстанымдарын реал жағдайларда қолдану, азаматтық құқық пен борыштарын ажырата алу;	1
Жалпы		40

Когнитивті дағдыларды бөлу

2-кесте

Р/с	Когнитивті деңгей	Түсіндіру	Тест саны
1	Білу	Пәнге қатысты негізгі дәлелдерді, заңдылықтарды, анықтамаларды, формулаларды, құбылыстарды есте сақтау, тану және еске түсіру.	20
2	Қолдану	Дәлелдемелер мен заңдарды таныс жағдайларда қолдану, есептеулерді орындау және графиктерді/диаграммаларды талдау.	17
3	Пайымдау	Бейтаныс жағдайда қолдану, талдау-синтез, себеп-салдар байланысы, түсіндіру, бағалау.	3

IV. Бағалау өлшемі

Тест тапсыратындардың жалпы нәтижесін (raw score) есептеуге әрбір дұрыс жауап үшін 2,5 балл, қате жауап үшін балл берілмейді. Жалпы ең жоғары нәтижесі 100 балды құрайды.

V. Емтихан тәртібі

Тест тапсырушы емтиханға жеке басын куәландыратын құжатпен келеді және тест ұйымдастырушысы тарапынан белгілеген тәртіпті сақтайды. Емтихан басталмас бұрын тест тапсырушыларға тапсырмаларды орындау және жауаптарды белгілеу тәртібі түсіндіріледі.

Тыйым салынған құралдар: емтихан кезінде ұялы телефондар, ақылды сағаттар, планшет, құлақшын, рұқсат етілмеген баспа немесе электрондық жазбалардан пайдалануға тыйым салынады.

Тәртіп-ереже: нұсқа көшіру, көмек сұрау немесе көмектесу, емтихан барысында сөйлесу, рұқсатсыз шығу сынды жағдайларға тыйым салынады. Ереже бұзушылық анықталғанда, ол белгіленген тәртіпте ресімделеді және үміткер емтиханнан шеттетілуі мүмкін.

Бақылаушы ереже бұзушылық орын алғанда, оны рәсімдеп, тыңдаушыны тесттен шеттетіреді және нәтижесі жоққа шығарылады.

VI. Ұсынылған негізгі әдебиеттер

1. Айдарова У.Б, Азизова Н.Қ: “Оқу сауаттылығы” оқулық 1-сынып “Novda” Ташкент - 2024 ж.

2. Айдарова У.Б, Тайрова М.Е: “Оқу сауаттылығы” оқулық 2-сынып “Novda” Ташкент - 2024 ж.

3. Айдарова У.Б, Тайрова М.Е: “Оқу сауаттылығы” оқулық 3-сынып “Novda” Ташкент - 2023 ж.

4. Айдарова У.Б, Тайрова М.Е: “Оқу сауаттылығы” оқулық 4-сынып “Novda” Ташкент - 2023 ж.

5. Репиова И. В: “Математика” оқулық 3-сынып (1-4 бөлім) “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

6. Репиова И. В: “Математика” оқулық 4-сынып (1-4 бөлім) “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

7. Усманова О. В, Рисюкулова И.В: “Тәрбие” оқулық 1-сынып “Novda”: Ташкент – 2024 ж.

8. Усманова О. В, Рисюкулова И.В: “Тәрбие” оқулық 2-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

9. Усманова О. В, Рисюкулова И.В: “Тәрбие” оқулық 3-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

10. Усманова О. В, Рисюкулова И.В: “Тәрбие” оқулық 4-сынып “Novda”: Ташкент – 2024 ж.

11. Тигай О.Е, .Маликова И.В, Косяненко С.В: “Табиғи пән” оқулық 1-сынып “Novda”: Ташкент – 2024 ж.

12. Тигай О.Е, .Маликова И.В, Косяненко С.В: “Табиғи пән” оқулық 2-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

13. Тигай О.Е, .Маликова И.В, Косяненко С.В: “Табиғи пән” оқулық 3-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

14. Тигай О.Е, .Маликова И.В, Косяненко С.В: “Табиғи пән” оқулық 4-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

15. Абдувалитов Н, Байтураева М, Б.Джуддибекова: “Ана тілі және оқу сауаттылығы” оқулық 1-сынып Республикалық білі беру орталығы Ташкент – 2023 ж.

16. Абдувалитов Н, Байтураева М: “Ана тілі және оқу сауаттылығы” оқулық 3-сынып Республикалық білі беру орталығы Ташкент – 2025 ж.

Қосымша әдебиеттер

1. Әдебиет, 5-сынып, С.Досымбетова, А.Тәжібаева, А.Үмбетова. Ташкент. «Өзбекстан», 2024.

2. Әдебиет, 6-сынып. Е.Абдувалитов, Д.Дүйсебаева, С.Досымбетова, А.Бектаев. «Өзбекстан», 2022.

3. Қазақ тілі, 5-сынып. У.Байқабылов, Г.Нишанова, М.Темірбаева. Ташкент. «Өзбекстан», 2020.

4. Қазақ тілі, 6-сынып. У.А.Байқабылов, Д.Дүйсебаева, А.Ж. Үмбетова, Г.А.Нишанов. Ташкент – 2022.

5. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.

6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.

7. Әдебиеттану терминдері сөздігі.

8. Ертегілер. Жинақ

Ескерту: тест тапсырмаларының мазмұны ұсынылған әдебиеттерде көрсетілген мазмұнға, принциптерге және тәсілдерге сәйкес жасалған, бірақ тест тапсырмалары тікелей дереккөздерден алынбайды. Біліктілік тестіне дайындалу барысында ұсынылатын әдебиеттер есте сақтау көзі ретінде қызмет етуден гөрі жалпы кәсіби дайындықты күшейтуге бағытталған.